

**Түркістан қаласының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына 2012 жылы әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2012 жылғы 11 қаңтардағы N 53/359-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 24 қаңтарда N 14-4-112 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2013 жылғы 30 қаңтардағы № 01-09/14 хатымен

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 30.01.2013 № 01-09/14 хатымен.**

**Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2012.04.17 № 3/22-V Шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" Қаулысының 2-тармағына және қала әкімінің мәлімдемесіне сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Түркістан қаласының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына қажеттілікті ескере отырып, 2012 жылы бір маманға жетпіс есептік айлық көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақысы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау-бір мың бес жүз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредиті ұсынылсын.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2012.04.17 № 3/22-V Шешімімен.**

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

*Қалалық мәслихат сессиясының төрағасы Е.Тәңірбергенов*

*Қалалық мәслихат хатшысының  
міндетін атқарушы М.Ибраим*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК